

"Жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 214 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 29 мамырдағы № 220 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 мамырда № 38842 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 214 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №32850 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 98-бабының 1-тармағына, 99-бабының 1-тармағына, 106-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты жұмыспен қамту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің

Заң қызметі департаментіне олардың орындалуы туралы ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бұл ретте 2026 жылғы 12 шілдеден бастап Қағидалар осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

А. Ертаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Жасанды интеллект және цифрлық даму

министрлігі

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2026 жылғы 29 мамырдағы
№ 220

Бұйрыққа 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2023 жылғы 9 маусымдағы
№ 214 бұйрығымен
бекітілген

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жұмыс іздеуші адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 98-бабының 1-тармағына, 99-бабының 1-тармағына, 106-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жұмыс іздеуші адамдарды тіркеу, жұмыссыздарды тіркеу, мансап орталықтарының еңбек делдалдығын жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ассистент – әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультантқа және кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне консультациялар, әңгімелесулер өткізуге, сондай-ақ әлеуметтік

келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалуына мониторинг жүргізуге жәрдем көрсету жөніндегі функцияларды орындайтын мансап орталығының қызметкері;

2) әлеуметтік төлемдер – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры әлеуметтік төлемді алушының пайдасына жүзеге асыратын төлемдер;

3) бос жұмыс орын - жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазым);

4) "Еңбек нарығы" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Еңбек нарығы" ААЖ) – әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесінің құрамындағы жұмысқа орналастыруға делдалдық көрсету, есептілікке мониторинг жүргізу және қалыптастыру мақсатында еңбек мобильділігі орталықтарының, мансап орталықтарының қызметін автоматтандыруға және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялаумен қоса ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйе;

5) жұмыс іздеп жүрген адам – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін мансап орталығына жүгінген жеке тұлға;

6) жұмысқа орналастыру – халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесуге арналған ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;

7) жұмысқа орналастырудың жеке жоспары – жұмыссыздың жеке деректері, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөнінде жоспарланатын және іске асырылатын іс-шаралар көрсетілетін құжат;

8) жұмыспен қамтудың жеке картасы – жеке деректері, жұмыспен қамтылу тарихы, ұсынылатын және іске асырылатын іс-шаралар, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсаттары және олардың орындалуы көрсетілетін құжат;

9) жұмыссыз адам – жұмыс іздеп жүрген және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;

10) лайықты жұмыс - кәсіптік даярлығына, еңбек өтіліне және бұрынғы мамандығы бойынша еңбек тәжірибесіне, денсаулық жағдайына, жұмыс уақытының режиміне, жұмыс орнына көліктің қолайлығына сәйкес келетін, оның ішінде уақытша сипаттағы жұмыс;

11) мансап орталығы – аудандарда, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда, астанада оның функцияларын орындауды жүзеге асыратын еңбек мобильділігі орталығының филиалы;

12) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі немесе олардың жиынтығы;

13) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі – мемлекеттік қызметтер көрсету, оның ішінде "Азаматтарға арналған үкімет"

мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету процесін автоматтандыруға және мониторингтеуге арналған ақпараттық жүйе;

14) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесі – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

15) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы – абонент белгілеген ақпаратты беру немесе қабылдау үшін электр байланысы сигналдарын қалыптастыратын және ұялы байланыс операторының желісіне қосылатын, қызмет көрсетілетін аумақ шеңберінде тұрақты географиялық айқындалатын орналасқан орны жоқ, ұялы байланыс желілерінде жұмыс істейтін жеке пайдаланудағы байланыс құралы;

16) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар -электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және аппараттық-бағдарламалық кешен мен телекоммуникациялар желілерін қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы;

17) Электрондық еңбек биржасы – Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодекске сәйкес жұмыс іздеуді және персоналды іріктеуге, жұмыспен қамту саласында электрондық және проактивті форматта қызметтер көрсетуге жәрдемдесуді қамтамасыз ететін, ізденушілер мен жұмыс берушілер үшін жұмыспен қамтудың бірыңғай ақпараттандыру тұғырнамасын білдіретін ақпараттандыру объектісі.

3. Процесс сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін, өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Талаптар тізбесі) осы Қағидалардың "Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі 1-қосымшасына және " Жұмыссыздарды тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып келтірілген.

2-тарау. Жұмыс іздеуші адамдарды тіркеу тәртібі

4. Жұмысы және (немесе) табысы (кірісі) жоқ, лайықты жұмыс іздеп жүрген адам (бұдан әрі – ізденуші) жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін жүгінген кезде жұмыс іздеуші адам ретінде:

- 1) тұрғылықты жері бойынша мансап орталығы арқылы;
- 2) "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы;
- 3) "Электрондық еңбек биржасы" бірыңғай цифрлық жұмыспен қамту платформасы (бұдан әрі – Электрондық еңбек биржасы) арқылы тіркеледі.

1-параграф. Жұмыспен қамту орталығына жүгінген кезде жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу тәртібі

5. Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін ізденуші тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына немесе уақытша орналасқан жері бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Талаптар тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынады.

Жеке басын куәландырғаннан және "Еңбек нарығы" ААЖ-ға деректерді енгізгеннен кейін құжаттар ізденушіге қайтарылады.

6. Он алты жасқа толмаған адам сондай-ақ заңды өкілдерінің бірінің еркін нысандағы өтінішін ұсынады.

7. Мансап орталығының маманы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен алынатын мәліметтер негізінде ізденуші ұсынған құжаттар мен дербес деректердің (мәліметтердің) дұрыстығын тексереді.

8. Ұсынылған дербес деректердің (мәліметтердің), құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайда, мансап орталығы олар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтінішке қоса берілген құжаттарды қайтарады және ізденушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеуден бас тарту туралы хабарлама береді.

9. Мансап орталығының қызметкері ізденушіге жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шаралары және мансап орталығы көрсететін қызметтер туралы толық ақпарат ұсынады.

10. Мансап орталығының қызметкері ізденушінің жеке сәйкестендіру нөмірінің негізінде ол туралы дербес ақпарат алу үшін "Еңбек нарығы" ААЖ-да мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуды қалыптастырады, сондай-ақ "Еңбек нарығы" ААЖ-дағы Жұмыспен қамтудың жеке картасына ізденушінің дербес деректерін енгізеді.

11. "Еңбек нарығы" ААЖ-да жұмыспен қамтудың жеке картасына енгізген дербес деректердің негізінде, жұмыссыздық кезеңінің болжамды ұзақтығына қарай ізденушінің тиісті санаты автоматты түрде айқындалады.

12. Ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анықтығы анықталғаннан кейін халықты мансап орталығы олар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ізденушіні жұмыс іздеп жүрген адамдар ретінде тіркейді және ізденушіге осы Қағидаларға 4-қосымшадағы нысанға сәйкес жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелгені туралы хабарлама береді.

Адам ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелгені туралы хабар алады.

13. Мансап орталығының қызметкері ізденушіні жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеген кезде Электрондық еңбек биржасын пайдалану мүмкіндіктері туралы хабардар етеді.

14. Ауылдық елді мекенде мансап орталығы болмаған жағдайда ізденуші ауылдық округ әкімдігінің аппаратына ассистентке жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін жүгінеді. Ассистент ізденушінінің деректерін алдын ала толтыруды жүргізеді.

15. Ізденуші ассистентке осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Талаптар тізбесінде көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынады.

Ассистент ізденуші ұсынған құжаттар мен дербес деректердің (мәліметтердің) дұрыстығын тексереді.

16. Ассистент ізденушінің деректерін толтыру кезінде "Еңбек нарығы" ААЖ-да жұмыспен қамтудың жеке картасына дербес деректерді енгізеді. "Еңбек нарығы" ААЖ-ға қолжетімділік болмаған жағдайда ассистент жұмыспен қамтудың жеке картасын электрондық нысанда немесе қағаз түрінде толтырады.

17. "Еңбек нарығы" ААЖ-да осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес жұмыссыздық кезеңінің болжамды ұзақтығын негізге ала отырып, ізденушіні санаттарға бөлуді жүргізіледі.

18. Ассистент ізденушіні Электрондық еңбек биржасын пайдалану мүмкіндіктері туралы хабардар етеді.

19. Ассистент ұсынылған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректерін (мәліметтердің) дәйектілігін анықтағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде мансап орталығына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттарды жібереді.

20. Мансап орталығының қызметкері ассистенттен құжаттарды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ізденушінің дербес деректерін "Еңбек нарығы" ААЖ-ға енгізеді, ізденушіні жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркегені туралы белгі қояды және ізденушіге ассистент немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс желісінің абоненттік құрылғысы арқылы тіркеу күні туралы хабарлайды.

21. Ізденуші жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін қайта жүгінген кезде мансап орталығының қызметкері ізденушінің бұрын ұсынған дербес деректері мен мәліметтерінің дәйектілігін тексеруді жүзеге асырады және (немесе) және жұмыспен қамтудың жеке картасына тиісті өзгерістерді енгізеді.

22. Мансап орталығы мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

23. Мансап орталығы жұмыс іздеп жүрген адамды тіркеген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 5-тарауына сәйкес оған лайықты жұмыс таңдауда жәрдем көрсетеді.

2-параграф. Жұмыс іздеп жүрген адамдарды "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы тіркеу тәртібі

24. Ізденуші электрондық цифрлық қолтаңбасы болған кезде "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеледі.

25. Ізденуші "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін жеке деректерін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінімді толтырады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы статус ізденушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

26. Ізденушінің деректері "Еңбек нарығы" ААЖ-не автоматты түрде тұрғылықты жері немесе уақытша орналасқан жері бойынша мансап орталығына жіберіледі.

27. Мансап орталығының қызметкері осы Қағидалардың 7, 8, 9, 10, 11 және 12-тармақтарына сәйкес жұмыс іздеп жүрген адамды тіркейді.

Мансап орталығының қызметкері жеке басты куәландыратын құжаттың мәліметтерін "электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алады.

28. "Электрондық үкімет" веб-порталында мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мансап орталығы директорының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат түрінде жіберіледі және сақталады.

3-параграф. Жұмыс іздеп жүрген адамдарды Электрондық еңбек биржасы арқылы тіркеу тәртібі

29. Ізденуші электрондық цифрлық қолтаңбасы болған кезде Электрондық еңбек биржасы арқылы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеледі.

30. Ізденуші Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетінде" өзінің тұрғылықты жеріне сәйкес мансап орталығын таңдайды.

31. Ізденуші енгізген жеке сәйкестендіру нөмірінің негізінде Электрондық еңбек биржасында ізденуші туралы дербес ақпарат алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салу қалыптастырылады.

32. Ізденуші Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетінде" дербес деректерін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті алуға өтінімді толтырады.

33. Электрондық еңбек биржасында ізденушіні жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеу автоматты түрде жүзеге асырылады.

34. Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу туралы ақпарат ізденушінің тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына "Еңбек нарығы" ААЖ-ға түседі. "Еңбек нарығы" ААЖ-да жұмыс іздеп жүрген адамның жұмыспен қамтылуының жеке картасы автоматты түрде қалыптастырылады.

35. Электрондық еңбек биржасы жұмыс іздеп жүрген адамға жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелгені туралы хабарламаны Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетіне", сондай-ақ ұялы байланыс абоненттік құрылғысына хабарлама беру арқылы жібереді.

36. Электрондық еңбек биржасы жұмыс іздеп жүрген адам тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 5-бөлімінің 4-параграфына сәйкес бос жұмыс орындарын автоматты түрде тандайды.

37. Жұмыс іздеп жүрген адам Электрондық еңбек биржасы арқылы және мансап орталығынан алынған бос орындарына үн қатады.

Жұмыс іздеп жүрген адам мансап орталығын, ал ауылдық елді мекенде тұратындар кент, ауыл, ауылдық округ әкімін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы ұсынылған лайықты жұмысқа келісу немесе одан бас тарту туралы хабарлайды.

3-тарау. Жұмыссыз адамдарды тіркеу тәртібі

38. Егер мансап орталығы осы Қағидалардың 23-тармағында көрсетілген кезең өткеннен кейін жұмыс іздеп жүрген адам үшін лайықты жұмыс таба алмаса немесе жұмыс іздеп жүрген адам ұсынылған жұмыстан бас тартса, онда "Еңбек нарығы" ААЖ-да жұмыс іздеп жүрген адам автоматты түрде жұмыссыз ретінде тіркеледі.

"Еңбек нарығы" ААЖ осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген негіздер бойынша жұмыс іздеп жүрген адамды жұмыссыз ретінде тіркеу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен алынған ақпараттың дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады.

Жұмыс іздеп жүрген адамға Электрондық еңбек биржасы және (немесе) ұялы байланыс желісінің абоненттік құрылғысы арқылы жұмыссыз ретінде тіркелгені немесе бас тартқаны туралы хабарлама жіберіледі.

39. Мансап орталығының қызметкері сұрау салу бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы хабарлама не осы Қағидалардың 41-тармағында көзделген негіздер бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жұмыс іздеп жүрген адамды жұмыссыз ретінде тіркеуден бас тарту туралы хабарлама береді.

40. Мынадай:

- 1) он алты жасқа толмаған;
- 2) жұмыспен қамтылған адамдар;
- 3) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 207-бабының 1, 2 және 3-тармақтарында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған;
- 4) жұмысы мен жалақысының (кірісінің) болмауы туралы көрінеу жалған мәліметтерді қамтитын құжаттар, сондай-ақ басқа да дәйексіз мәліметтер ұсынған адамдар;

5) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексе сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға үміткер студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары;

6) сот шешімі бойынша түзеу жұмыстарына не мәжбүрлеу жұмыстарына, сондай-ақ бас бостандығынан айыру түріндегі жаза шартты түрде тағайындалмаған жағдайда, осындай жазаға сотталған адамдар жұмыссыз ретінде тіркелмейді.

41. Мансап орталығының қызметкері тіркелген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жұмыссызды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылған жағдайда берілетін әлеуметтік төлемді тағайындау үшін қажетті құжаттардың тізбесі туралы хабардар етеді.

42. Халықты мансап орталығы мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

43. Еңбек мобильділігі орталығында тіркелген жұмыссыздар Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодекске және осы Қағидаларға сәйкес келу тәртібін, шарттарын және мерзімдерін немесе мансап орталығының хабарламаларын сақтайды.

44. Жұмыссыз ретінде тіркелгендігі туралы ақпарат беру жұмыссыздың сұрауы бойынша Электрондық еңбек биржасы, "электрондық үкімет" веб-порталы және (немесе) ақпараттандыру объектілері арқылы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес электрондық құжат түріндегі электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде жүзеге асырылады.

Жұмыссыз ретінде тіркеу туралы ақпараттың қолданылу мерзімі оны берген күннен бастап күнтізбелік отыз күнді құрайды.

45. Еңбек мобильділігі орталығы "Еңбек нарығы" ААЖ арқылы халықты мансап орталығынан тиісті ақпаратты алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жұмыссызды мынадай жағдайларда:

1) жұмыссыз үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар түскен кезде;

2) Мансап орталығы ұсынған лайықты жұмыстың үш нұсқасынан бас тартқанда немесе мансап орталығын, ал ауылдық елді мекендерде тұратын адам кент, ауыл, ауылдық округ әкімін лайықты жұмыстың ұсынылған нұсқаларымен келісетіні немесе олардан бас тартатыны туралы уақтылы хабардар етпегенде;

3) жұмыссыздың дәлелсіз себептермен:

мансап орталығы хабардар еткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған жұмысқа орналасу орнына немесе оқу орнына келмегенде;

шақыру бойынша халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу үшін үш жұмыс күні ішінде халықты мансап орталығына келмегенде;

жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуды өз бетінше тоқтатқанда;

4) жұмыссыз мансап орталығына барудың немесе оны хабардар етудің осы Қағидалардың 44-тармағында көзделген мерзімдерін дәлелсіз себептермен бұзғанда;

5) жұмыссыз бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен сотталғанда не заңды күшіне енген сот шешімі бойынша мәжбүрлеп емдеуге жіберілгенде;

б) мансап орталығына:

тұрғылықты жерін ауыстыруды;

тұрақты, уақытша жұмысқа, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмысқа орналасуды;

кәсіпкерлік қызметпен айналысуды;

ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан, ұйымға құрылтайшы (ортақ құрылтайшы) болуды;

мүгедектік тобын белгілеуді немесе оның өзгеруін;

зейнетақы төлемдерін тағайындауды қоса алғанда, жұмыссызбен алдағы уақытта жұмыс істеу тәртібіне ықпал ететін өзгерістер туралы мәліметтерді уақтылы, бес жұмыс күні ішінде ұсынбағанда;

7) көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар бергенде есептен шығарады.

46. Мансап орталығы жұмыссыз есептен шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны бұл туралы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы, ал ауылдық жердің тұрғындарын кент, ауыл және ауылдық округтің әкімі арқылы хабардар етеді.

47. Егер Электрондық еңбек биржасы немесе мансап орталығы осы Қағидалардың 36-тармағында көрсетілген кезең өткеннен кейін лайықты жұмыс таңдамаса немесе жұмыс іздеп жүрген адам ұсынылған жұмыстан бас тартса, онда жұмыс іздеп жүрген адам автоматты түрде жұмыссыз ретінде тіркеледі.

48. Электрондық еңбек биржасы осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген негіздер бойынша жұмыс іздеп жүрген адамды жұмыссыз ретінде тіркеу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен алынған ақпараттың анықтығын тексеруді жүзеге асырады.

49. Жұмыссыз ретінде тіркелу туралы ақпарат ізденушінің тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына "Еңбек нарығы" ААЖ-ға түседі.

50. Жұмыс іздеп жүрген адамға ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы жұмыссыз ретінде тіркелгені немесе бас тартылғаны туралы хабарлама жіберіледі.

51. Егер жұмыссыз міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болып табылса, ол Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетінде" жұмыссыз жұмысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлем алу үшін өтінім мен банк шотының нөмірін толтырады.

52. Жұмыссызды есептен шығару осы Қағидалардың 45-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

4-тарау. Еңбек мобильділігі орталығының және (немесе) оның лауазымды адамдарының, мансап орталығының және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

53. Еңбек мобильділігі орталығының және (немесе) оның лауазымды адамдарының, мансап орталығының және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Әкімшілік рәсімдік процессуалдық кодекстің 91-бабына сәйкес беріледі.

54. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік процессуалдық кодексінде белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

5-тарау. Еңбек делдалдығын жүзеге асыру тәртібі

1-параграф. Жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын әзірлеу

55. Жұмыс берушілерге лайықты маман таңдауға, ал жұмыс іздеп жүрген адамдарға, жұмыссыздарға және өзге де жүгінген адамдарға лайықты жұмыс таңдауда жәрдемдесу үшін еңбек делдалдығы жүзеге асырылады.

Еңбек делдалдығын жүзеге асыру мақсатында мансап орталығының қызметкері Еңбек мобильділігі орталығы жұмыс іздеп жүрген адамды жұмыссыз ретінде тіркеген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде "Еңбек нарығы" ААЖ-да осы Қағидаларға 8-қосымшаға сай нысан бойынша жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын жасайды.

56. Жұмысқа орналастырудың жеке жоспары толтырылғаннан кейін жұмыссыз және жоспарды әзірлеген мансап орталығының қызметкері оған қол қояды. Жұмысқа орналастырудың жеке жоспарының бір данасы жұмыссызға беріледі.

57. Еңбек мобильділігі орталығында тіркелген жұмыссыз жұмысқа орналастырудың жеке жоспарында белгіленген іс-шараларды орындайды және мерзімдерді сақтайды.

58. Еңбек мобильділігі орталығында тіркелген жұмыссыз өзімен одан әрі жұмыс істеуге әсер ететін жағдайлар туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мансап орталығына мыналарға байланысты тиісті ақпаратты ұсынады:

- 1) тұрғылықты жерін ауыстыруды;
- 2) тұрақты, уақытша жұмысқа, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмысқа орналасуды;
- 3) кәсіпкерлік қызметпен айналысуды;
- 4) ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан, ұйымға құрылтайшы (ортақ құрылтайшы) болуды;
- 5) мүгедектік тобын белгілеуді немесе оның өзгеруін;

б) зейнетақы төлемдерін тағайындауды қоса алғанда, жұмыссызбен одан арғы жұмыс тәртібіне ықпал ететін өзгерістер туралы ақпаратты уақтылы, бес жұмыс күні ішінде мансап орталығына ұсынады.

Мансап орталығының қызметкері жұмыссыздың жұмысқа орналастырудың жеке жоспарының іс-шараларын орындауына мониторинг жүргізеді.

59. Мансап орталығы адамды жұмыссыз ретінде тіркегеннен кейін осы тараудың 3-параграфына сәйкес оған лайықты жұмыс таңдауда жәрдем көрсетеді немесе оны жұмысқа орналастырудың жеке жоспарына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына жібереді.

2-параграф. Жұмыс берушілер мансап орталығына ұсынған бос орындарды тіркеу тәртібі

60. Мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік сайланбалы қызметтердің, Парламент және мәслихаттар депутаттарының, Қазақстан Республикасы судьяларының, әскери қызметте тұрған адамдардың, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның ведомстволары, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жұмыскерлерінің бос лауазымдарын қоспағанда, жұмыс беруші мансап орталығына Электрондық еңбек биржасы арқылы бос жұмыс орындарының бар екені туралы ақпаратты еңбек жағдайлары және ақы төлеуді көрсетіп, олар пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді.

61. Жұмыс берушілер бос орындардың бар екені туралы мәліметтерді Электрондық еңбек биржасы арқылы жолдаған кезде осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "жеке кабинеті" арқылы орналастырады.

Жұмыс беруші Электрондық еңбек биржасында қалыптастырған бос орындар туралы мәліметтер автоматты түрде "Еңбек нарығы" ААЖ-да орналастырылады.

3-параграф. Бос жұмыс орындарына кандидаттарды іріктеу және оларды жұмыс берушілерге жіберу

62. Жұмыс берушілер мансап орталығына Электрондық еңбек биржасы арқылы жіберген бос орындарды тіркегеннен кейін мансап орталығы бір жұмыс күні ішінде осы тараудың 2-параграфына сәйкес бос орындарға кандидаттар таңдауды жүргізеді.

Мансап орталығы бос орындарға кандидаттарды "Еңбек нарығы" ААЖ-да мансап орталығы тіркеген жұмыс іздеп жүрген адамдар мен жұмыссыздар және Электрондық еңбек биржасында өз бетінше тіркелген адамдар арасынан таңдауды жүргізеді.

Мансап орталығы "Еңбек нарығы" ААЖ-да тіркелген, жұмыс іздеп жүрген адамдар, жұмыссыздар және басқа да жүгінген адамдар үшін бос орындарды таңдауды қамтамасыз етеді.

63. Мансап орталығының қызметкері кандидаттың кәсібін (лауазымын), кәсіптік даярлық және біліктілік деңгейін, жұмыс тәжірибесі мен дағдыларын, жалақы деңгейін, жұмыс уақытының режимін ескере отырып, сондай-ақ жұмыс беруші бос орындарды тіркеу кезінде кандидаттар үшін белгілеген басқа да талаптар мен шарттарға сәйкес бос орындарға кандидаттарды іріктеуді жүргізеді.

64. Мансап ансап орталығының қызметкері бос жұмыс орны пайда болған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде лайықты жұмыстың бар екені туралы жұмыс іздеп жүрген адамға және (немесе) жұмыссызға және (немесе) өзге де жүгінген адамдарға:

- 1) ол мансап орталығына жеке келген кезде;
- 2) Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинет" арқылы;
- 3) ұялы байланыс желісінің абоненттік құрылғысы арқылы хабарлайды.

Егер жұмыс іздеп жүрген адам немесе жұмыссыз немесе өзге де жүгінген адам ауылдық жерде тұрса, мансап орталығының қызметкері лайықты жұмыстың бар екені туралы оларға ассистент арқылы хабарлайды.

65. Мансап орталығынан лайықты жұмыстың болуы туралы ұсыныстар алған кезде жұмыс іздеп жүрген адам бір жұмыс күні ішінде, жұмыссыз және өзге де жүгінген адам үш жұмыс күні ішінде жеке өзі немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және (немесе) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы мансап орталығын ұсынылған лайықты жұмысқа келісетіні немесе одан бас тартатыны туралы хабардар етеді.

66. Кандидаттардың деректері (түйіндемелері) Электрондық еңбек биржасында жұмыс берушінің "Жеке кабинетінде" көрсетіледі. Мансап орталығының маманы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы жұмыс берушіге оған жіберілген кандидаттардың деректері (түйіндемесі) туралы хабарлайды. Мансап орталығының маманы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы жұмыс берушіге оған жіберілген кандидаттардың деректері (түйіндемесі) туралы хабарлайды.

Қажет болған жағдайда, мансап орталығының маманы жұмыс берушіге кандидаттардың деректерін (түйіндемесін) қарауды және өзінің шешімі туралы ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы хабарлауды ескертеді.

Мансап орталығының маманы жұмыс берушіні қызықтырған кандидаттармен әңгімелесу уақыты мен орнын жұмыс берушімен келіседі.

Мансап орталығының маманы ұялы байланыс желісінің абоненттік құрылғысы арқылы кандидаттарды жұмыс берушімен әңгімелесу өткізу уақыты мен орны туралы хабардар етеді.

Егер жұмыс іздеп жүрген адам, жұмыссыз немесе өзге де өтініш білдірген адам ауылдық жерде тұрса, мансап орталығының маманы оларды жұмыс берушімен әңгімелесу өткізілетін уақыт пен орын туралы ассистент арқылы хабардар етеді.

67. Еңбек мобильділігі орталығында тіркелген жұмыссыз мансап орталығы әңгімелесу уақыты мен орны туралы хабарлаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмысқа орналасу мәселесі бойынша жұмыс берушіге жүгінеді.

68. Жұмыс беруші Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинеті" арқылы кандидатты жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы белгі қояды. Кандидаттың жұмысқа орналасуы немесе жұмысқа орналасудан бас тарту туралы ақпарат "Еңбек нарығы" ААЖ-ға түседі.

"Еңбек нарығы" ААЖ арқылы бес жұмыс күні ішінде жұмысқа қабылдау туралы ақпараттың болмауы ұсынылған кандидатты жұмысқа орналастырудан бас тарту болып саналады.

69. Жұмыс беруші кандидатты жұмысқа орналастырғанын растаған жағдайда тиісті бос орын Электрондық еңбек биржасынан және "Еңбек нарығы" ААЖ-дан автоматты түрде жойылады.

70. Мансап орталығы Электрондық еңбек биржасы арқылы ізденушілер үшін резюмесін өз бетінше орналастыру және бос орындарды іздеу және жұмыс берушілер үшін өз бетінше персонал іздеу мүмкіндігі берілетін, сондай-ақ Электрондық еңбек биржасын пайдалану мәселелері бойынша халыққа консультация жүзеге асырылатын өзі-өзіне қызмет көрсету аймағының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

4-параграф. Электрондық еңбек биржасы арқылы еңбек делдалдығын жүзеге асыру тәртібі

71. Бос орындары туралы ақпарат жұмыс іздеп жүрген адамның немесе жұмыссыздың Электрондық еңбек биржасыдағы "жеке кабинетіне" түседі.

72. Электрондық еңбек биржасы жұмыс іздеп жүрген адамға немесе жұмыссызға ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы жұмыс берушінің әңгімелесуді белгілегені туралы хабарлама жібереді.

73. Жұмыс іздеп жүрген адамдар немесе жұмыссыздар Электрондық еңбек биржасында "жеке кабинет" арқылы әңгімелесуден бас тартуына болады.

74. Жұмыс берушілер жұмыс іздеп жүрген адамды немесе жұмыссызды жұмысқа қабылдаған жағдайда Электрондық еңбек биржасыдағы "жеке кабинет" арқылы жұмысқа қабылдау туралы белгі қояды.

Жұмыс іздеуші адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
1-қосымша

"Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу

2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жок
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мансап орталығы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) "Электрондық үкімет" веб-порталы: www.egov.kz ; 3) Электрондық еңбек биржасы: www.enbek.kz .
5	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	1 (бір) жұмыс күні
6	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелгені туралы хабарлама не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және	1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) "Электрондық үкімет" веб-порталында – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және

	ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 3) Электрондық еңбек биржасында – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1. Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге: 1) тізбеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат не ақпараттық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін); 3) еңбек қызметін растайтын құжат (бар болса); 4) білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат (бар болса). Жеке басты куәландырғаннан және "Еңбек нарығы" ААЖ-ға деректерді енгізгеннен кейін құжаттар көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. 2. "Электрондық үкімет" веб-порталы немесе Электрондық еңбек биржасы мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы "Жұмыспен қамтудың жеке картасын және оны толтыру нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және

		халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 365 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33380 болып тіркелді) 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін мәліметтер нысанын толтырады. Жеке басты куәландыратын құжаттың, еңбек қызметін растайтын құжаттың, білім туралы құжаттың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті беруші "Электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алады. "Электрондық үкімет" веб-порталында мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алған күнін көрсете отырып, өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.
11	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі	1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтердің осы Талаптар тізбесінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
		Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде;

12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	2) "Электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталында орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары www.egov.kz интернет-ресурста көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: "1414". Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизациядан өту, содан кейін "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада уәкілетті пайдаланушылар үшін қолжетімді.
----	--	--

"Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбелеріне
1-қосымша
Нысан

_____ мансап орталығы
кімнен

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) : _____;
Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____;

Өтініш

Мені жұмыс іздеуші ретінде тіркеуді сұраймын, сонымен қатар:

Электрондық еңбек биржасында (www.enbek.kz) түйіндеме орналастыру	Ия ☐ Жоқ ☐ (белгі қою)
Халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтерді аутсорсинг арқылы жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді аутсорсинг шеңберінде жеке жұмыспен қамту агенттіктеріне дербес деректерді беру	Ия ☐ Жоқ ☐ (белгі қою)

"Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Жалған мәліметтер мен жалған құжаттарды ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

Телефон: _____ Ұялы телефон: _____ E-mail: _____;

"__" ____ 20__ жыл.

(күні)

Өтініш берушінің қолы: _____

(кесу сызығы)

Азаматтың(шаның) өтініші _____ қабылданды

"__" ____ 20__ жылы № _____ тіркелді, құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы және қолы:

_____ Күні қолы

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
2-қосымша

"Жұмыссыздарды тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – тізбе)

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Жұмыссыздарды тіркеу
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Еңбек мобильділігі орталығы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	"Еңбек нарығы" АЦЖ арқылы
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	1 (бір) жұмыс күні
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
		Жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы хабарлама не осы талаптар

7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті берушіде - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) мансап орталығында – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 3) "Электрондық үкімет" веб-порталында – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 4) Электрондық еңбек биржасында – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және

		мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Құжаттарды ұсыну талап етілмейді
11	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі	Мыналар: 1) он алты жасқа толмаған адамдар; 2) жұмыспен қамтылған адамдар; 3) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-3-тармақтарында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған адамдар; 4) жұмысы мен табысының (кірісінің) жоқ екендігі туралы көрінеу жалған мәліметтерді қамтитын құжаттарды, сондай-ақ басқа да анық емес мәліметтерді ұсынған адамдар; 5) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодекске сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға үміткер студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары; 6) сот шешімі бойынша түзеу жұмыстарына не мәжбүрлеу жұмыстарына, сондай-ақ бас бостандығынан айыру түріндегі жаза шартты түрде тағайындалмаған жағдайда, осындай жазаға сотталған адамдар жұмыссыз адам ретінде тіркелмейді.
		Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде; 2) "Электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталында орналастырылған.

12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары интернет-ресурста көрсетілген www.gov.kz . Бірыңғай байланыс орталығы: "1414". Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизациядан өту, содан кейін "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада уәкілетті пайдаланушылар үшін қолжетімді.
----	--	---

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеуден бас тарту туралы хабарлама

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 14) тармақшасына сәйкес

көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы

Сізге _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

себебі бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

_____ .
себебін көрсету

Берілген күні: 20__ жылғы "___" _____.

Мансап орталығының маманы _____

_____ .
Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін

еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
4-қосымша
Нысан

**Жұмыс іздеуші ретінде тіркелгені
туралы хабарлама**

Сіз _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 98-бабына сәйкес

20__ жылғы " __ " _____ бастап _____

Мансап орталығының атауы

жұмыс іздеуші ретінде тіркелдіңіз.

Берілген күні: 20__ жылғы " __ " _____.

Мансап орталығының маманы _____.

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы хабарлама

Сіз _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 99-бабына сәйкес 20__ жылғы

" __ " _____ бастап _____

Еңбек мобильділігі орталығының атауы

жұмыссыз ретінде тіркелдіңіз.

Берілген күні: 20__ жылғы " __ " _____.

Мансап орталығының маманы _____.

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
6-қосымша

Жұмыссыз ретінде тіркеуден бас тарту туралы хабарлама

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 14) тармақшасына сәйкес

көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы

Сізге _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

себебін көрсету

себебі бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

Берілген күні: 20__ жылғы "___" _____.

Мансап орталығының маманы _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Жұмыссыз ретінде тіркеу/не тіркелмегені туралы ақпарат

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 98-бабына сәйкес жұмыссыз
ретінде тіркелгені/тіркелмегені туралы осы анықтама

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

20__ жылғы "___" _____ бастап

Еңбек мобильділігі орталығының атауы берілді.

Берілген күні: 20__ жылғы "___" _____.

Анықтаманың қолданылу мерзімі: 20__ жылғы "___" _____ қоса алғанға дейін жарамды.

Мансап орталығының маманы _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және

қаланың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның мансап орталығының атауы

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЖЕКЕ ЖОСПАРЫ

1. ЖҰМЫССЫЗ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Жұмыссыз _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) толық

Жұмыссыз ретінде тіркеу күні _____

Мақсаты _____

Білімі _____

Мамандығы (кәсібі) _____

2. ІС-ӘРЕКЕТ ЖОСПАРЫ

Іс-шара	Аяқталу күні
Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу 1) кәсіп таңдау және жұмыс орны бойынша консультация беру, кәсіптік бағдарлау тестісінен өту ; 2) еңбек нарығының ахуалы, мамандығы бойынша жұмысқа орналасу немесе оқудан өту мүмкіндігі туралы хабардар ету. Еңбек делдалдығы жөніндегі іс-шаралар 1) мансап орталығының дерекқорда бос жұмыс орындарының (бос орындардың) болуы туралы хабардар етуі; 2) ізденушінің Электрондық еңбек биржасы арқылы жұмыс іздестіруі; 3) ізденушінің жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері және жұмысқа орналастыру бойынша интернет-ағандар арқылы жұмыс іздестіруі; 4) жұмыс берушілермен әңгімелесуге бару. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары 1) кәсіптік оқытуға қатысу (даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру); 2) әлеуметтік жұмыс орындарындағы жұмыс; 3) жастар практикасынан өту; 4) кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу; 5) қоғамдық жұмыстарға қатысу. Жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету	

1) жұмыссыздарға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылу жағдайына берілетін әлеуметтік төлемдер; 2) атаулы әлеуметтік көмек көрсету. Жұмыс іздестіру дағдыларын жақсарту жөніндегі іс-шаралар 1) белсенді жұмыс іздестіру, жұмыс берушімен әңгімелесуден өту және т.б. негіздеріне оқыту курстарына бару	
--	--

3. МАНСАП ОРТАЛЫҒЫМЕН ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТ ГРАФИГІ

1.	[Күні]	[Іс-әрекет]
2.	[Күні]	[Іс-әрекет]
...	[Күні]	[Іс-әрекет]

Жұмысқа орналастырудың жеке жоспары 20__ жылғы " __ " _____ дейін қолданылады.

Мансап орталығының маманы

_____ (жұмыссыз адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))	_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))
_____ (қолы) Мобильді телефон: Электрондық пошта (бар болса): 20__ жылғы " __ " _____	_____ (қолы) Байланыс телефоны: Электрондық пошта: 20__ жылғы " __ " _____

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
9-қосымша
Нысан

Бос жұмыс орны туралы мәліметтер

Жұмыс туралы ақпарат

Кәсіпорын * _____

(кәсіпорынның атауы)

Кәсіби сала (қажетті таңдау): _____

(анықтамалықтан таңдалады-мысалы, қауіпсіздік және төтенше жағдай,

Мемлекеттік қызмет, ІТ және телекоммуникация және т. б.)

Лауазымның атауы (қажеттісін таңдау):*

(ұлттық сабақ классификаторының анықтамалығынан таңдалады)

Лауазымын нақтылау _____

Қала немесе аудан (қажетті таңдау):* _____

(анықтамалықтан таңдалады - мысалы, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы және т. б.)

Елді мекен (қажеттісін таңдау):* _____

(анықтамалықтан таңдалады-мысалы, Ақкөл қаласы және т. б.)

Мекен-жайы _____

Жұмыс режимі (қажетті таңдау):* _____

(анықтамалықтан таңдалады - мысалы, бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасы, ауысымдық жұмыс режимі, толық емес жұмыс уақыты, еңбек заңнамасында көзделген жұмыс уақытының өзге де режимдері)

Жұмыс сипаты (қажетті таңдау):* _____

(анықтамалықтан таңдалады - мысалы, жұмыстың вахталық сипаты, жүріп-тұру сипаты бар жұмысы, қашықтан жұмыс істеу, жолда өтетін жұмыс, еңбек функциясын орындауды

йымдастыруға байланысты жұмыс сипатының өзге де түрлері)

Жұмыс түрі:* _____

(анықтамалықтан таңдалады - мысалы, уақытша, тұрақты, маусымдық және т. б.)

Еңбек жағдайлары (қажеттісін таңдау):* _____

(анықтамалықтан таңдалады - мысалы, қалыпты, ауыр жұмыстар, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары және т. б.)

Еңбекақы төлеу * бастап _____ дейін _____

Бос орындардың жалпы саны:* _____

Оның ішінде жастар үшін _____

Оның ішінде мүгедектігі бар адамдар үшін _____

Олардың ішінде пробация қызметінің есебінде тұрғандар үшін _____

Оның ішінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін _____

Оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз жастар үшін (кәмелетке толғанға дейін)

Оның ішінде шетелдік азаматтар _____

Қосымша шарттар, әлеуметтік қолдау

Өтініш берушіге қойылатын талаптар

Мамандық бойынша жұмыс өтілі (қажеттісін таңдау):* _____

(анықтамалықтан таңдалады-мысалы, тәжірибе қажет емес, 1 жыл, 2 жыл және т. б.)

Кәсіби дағдылар _____

(дағдылар анықтамалығынан таңдалады-мысалы, тоқылған бұйымдарды өндіру технологияларын талдау, тоқылған бұйымдарды жобалау және т. б.)

Жеке қасиеттер* _____

(дағдылар анықтамалығынан таңдалады – мысалы, көшбасшылық, логикалық ойлау, дәлдік

және т. б.)

Білім деңгейі (қажеттісін таңдау):* (анықтамалықтан таңдалады – мысалы, техникалық және

кәсіби, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және т. б.)

Лауазымдық міндеттері _____

Жүргізуші куәлігі (Санаттар) (қажеттісін таңдау):

(анықтамалықтан таңдалады-мысалы, "А", "В", "С" және т. б.)

Тілдерді меңгеру _____

Басқалары

Электрондық еңбек биржасында жариялау мерзімі (қажеттісін таңдау):*

(анықтамалықтан таңдалады-мысалы, 1 апта, 1 ай және т.

б.) _____

* міндетті түрде толтырылады

Бұйрыққа 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2023 жылғы 9 маусымдағы
№ 214 бұйрығымен
бекітілген

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жұмыс іздеуші адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 98-бабының 1-тармағына, 99-бабының 1-тармағына, 106-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жұмыс іздеуші адамдарды тіркеу, жұмыссыздарды тіркеу, мансап орталықтарының еңбек делдалдығын жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ассистент – әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультантқа және кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне консультациялар, әңгімелесулер өткізуге, сондай-ақ әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалуына мониторинг жүргізуге жәрдем көрсету жөніндегі функцияларды орындайтын мансап орталығының қызметкері;

- 2) әлеуметтік төлемдер – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры әлеуметтік төлемді алушының пайдасына жүзеге асыратын төлемдер;
- 3) бос жұмыс орын – жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазым);
- 4) "Еңбек нарығы" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Еңбек нарығы" АЦЖ) – әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай цифрлық жүйесінің құрамындағы жұмысқа орналастыруға делдалдық көрсету, есептілікке мониторинг жүргізу және қалыптастыру мақсатында еңбек мобильділігі орталықтарының, мансап орталықтарының қызметін автоматтандыруға және мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерімен интеграциялаумен қоса ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған автоматтандырылған цифрлық жүйе;
- 5) жұмыс іздеуші адам – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін мансап орталығына жүгінген жеке тұлға;
- 6) жұмысқа орналастыру – халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесуге арналған ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;
- 7) жұмысқа орналастырудың жеке жоспары – жұмыссыздың жеке деректері, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөнінде жоспарланатын және іске асырылатын іс-шаралар көрсетілетін құжат;
- 8) жұмыспен қамтудың жеке картасы – жеке деректері, жұмыспен қамтылу тарихы, ұсынылатын және іске асырылатын іс-шаралар, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсаттары және олардың орындалуы көрсетілетін құжат;
- 9) жұмыссыз – жұмыс іздеп жүрген және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;
- 10) лайықты жұмыс - кәсіптік даярлығына, еңбек өтіліне және бұрынғы мамандығы бойынша еңбек тәжірибесіне, денсаулық жағдайына, жұмыс уақытының режиміне, жұмыс орнына көліктің қолайлығына сәйкес келетін, оның ішінде уақытша сипаттағы жұмыс;
- 11) мансап орталығы – аудандарда, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда, астанада оның функцияларын орындауды жүзеге асыратын еңбек мобильділігі орталығының филиалы;
- 12) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі немесе олардың жиынтығы;
- 13) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесі – мемлекеттік қызметтер көрсету, оның ішінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету процесін цифрландыруға және мониторингтеуге арналған цифрлық жүйе;

14) мемлекеттік органдардың цифрлық жүйесі – цифрлық деректерді құруды, жинауды, өңдеуді, сақтауды және таратуды қамтамасыз ету мақсатында цифрлық инфрақұрылым объектілерін пайдаланатын, сондай-ақ цифрлық орта субъектілерінің өзара іс-қимылын автоматтандыратын және (немесе) цифрлық ортада қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін функционалдық байланысты цифрлық ресурстар кешені;

15) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы – абонент белгілеген ақпаратты беру немесе қабылдау үшін электр байланысы сигналдарын қалыптастыратын және ұялы байланыс операторының желісіне қосылатын, қызмет көрсетілетін аумақ шеңберінде тұрақты географиялық айқындалатын орналасқан орны жоқ, ұялы байланыс желілерінде жұмыс істейтін жеке пайдаланудағы байланыс құралы;

16) цифрлық технологиялар – цифрлық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және аппараттық-бағдарламалық кешен мен телекоммуникациялар желілерін қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы;

17) Электрондық еңбек биржасы – Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодекске сәйкес жұмыс іздеуді және персоналды іріктеуге, жұмыспен қамту саласында электрондық және проактивті форматта қызметтер көрсетуге жәрдемдесуді қамтамасыз ететін, ізденушілер мен жұмыс берушілер үшін жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық тұғырнамасын білдіретін цифрлық объектісі.

3. Процесс сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін, өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Талаптар тізбесі) осы Қағидалардың "Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі 1-қосымшасына және "Жұмыссыздарды тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып келтірілген.

2-тарау. Жұмыс іздеуші адамдарды тіркеу тәртібі

4. Жұмысы және (немесе) табысы (кірісі) жоқ, лайықты жұмыс іздеп жүрген адам (бұдан әрі – ізденуші) жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін жүгінген кезде жұмыс іздеуші адам ретінде:

- 1) тұрғылықты жері бойынша мансап орталығы арқылы;
- 2) "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы;
- 3) "Электрондық еңбек биржасы" бірыңғай цифрлық жұмыспен қамту платформасы (бұдан әрі – Электрондық еңбек биржасы) арқылы тіркеледі.

1-параграф. Жұмыспен қамту орталығына жүгінген кезде жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу тәртібі

5. Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін ізденуші тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына немесе уақытша орналасқан жері бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Талаптар тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынады.

Жеке басын куәландырғаннан және "Еңбек нарығы" АЦЖ-ға деректерді енгізгеннен кейін құжаттар ізденушіге қайтарылады.

6. Он алты жасқа толмаған адам сондай-ақ заңды өкілдерінің бірінің еркін нысандағы өтінішін ұсынады.

7. Мансап орталығының маманы ізденуші ұсынған құжаттар мен дербес деректердің (мәліметтердің) дұрыстығын мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелерінен алынатын мәліметтер негізінде тексереді.

8. Ұсынылған дербес деректердің (мәліметтердің), құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайда, мансап орталығы олар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтінішке қоса берілген құжаттарды қайтарады және ізденушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеуден бас тарту туралы хабарлама береді.

9. Мансап орталығының қызметкері ізденушіге жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шаралары және мансап орталығы көрсететін қызметтер туралы толық ақпарат ұсынады.

10. Мансап орталығының қызметкері ізденушінің жеке сәйкестендіру нөмірінің негізінде ол туралы дербес ақпарат алу үшін "Еңбек нарығы" АЦЖ-да мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салуды қалыптастырады, сондай-ақ "Еңбек нарығы" АЦЖ-дағы Жұмыспен қамтудың жеке картасына ізденушінің дербес деректерін енгізеді.

11. "Еңбек нарығы" АЦЖ-да жұмыспен қамтудың жеке картасына енгізген дербес деректердің негізінде, жұмыссыздық кезеңінің болжамды ұзақтығына қарай ізденушінің тиісті санаты автоматты түрде айқындалады.

12. Ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анықтығы анықталғаннан кейін халықты мансап орталығы олар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ізденушіні жұмыс іздеп жүрген адамдар ретінде тіркейді және ізденушіге осы Қағидаларға 4-қосымшадағы нысанға сәйкес жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелгені туралы хабарлама береді.

Адам цифрлық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелгені туралы хабар алады.

13. Мансап орталығының қызметкері ізденушіні жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеген кезде Электрондық еңбек биржасын пайдалану мүмкіндіктері туралы хабардар етеді.

14. Ауылдық елді мекенде мансап орталығы болмаған жағдайда ізденуші ауылдық округ әкімдігінің аппаратына ассистентке жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін жүгінеді. Ассистент ізденушінің деректерін алдын ала толтыруды жүргізеді.

15. Ізденуші ассистентке осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Талаптар тізбесінде көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынады.

Ассистент ізденуші ұсынған құжаттар мен дербес деректердің (мәліметтердің) дұрыстығын тексереді.

16. Ассистент ізденушінің деректерін толтыру кезінде "Еңбек нарығы" АЦЖ-да жұмыспен қамтудың жеке картасына дербес деректерді енгізеді. "Еңбек нарығы" АЦЖ-ға қолжетімділік болмаған жағдайда ассистент жұмыспен қамтудың жеке картасын электрондық нысанда немесе қағаз түрінде толтырады.

17. "Еңбек нарығы" АЦЖ-да осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес жұмыссыздық кезеңінің болжамды ұзақтығын негізге ала отырып, ізденушіні санаттарға бөлуді жүргізіледі.

18. Ассистент ізденушіні Электрондық еңбек биржасын пайдалану мүмкіндіктері туралы хабардар етеді.

19. Ассистент ұсынылған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйектілігін анықтағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде мансап орталығына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттарды жібереді.

20. Мансап орталығының қызметкері ассистенттен құжаттарды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ізденушінің дербес деректерін "Еңбек нарығы" АЦЖ-ға енгізеді, ізденушіні жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркегені туралы белгі қояды және ізденушіге ассистент немесе цифрлық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс желісінің абоненттік құрылғысы арқылы тіркеу күні туралы хабарлайды.

21. Ізденуші жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін қайта жүгінген кезде мансап орталығының қызметкері ізденушінің бұрын ұсынған дербес деректері мен мәліметтерінің дәйектілігін тексеруді жүзеге асырады және (немесе) және жұмыспен қамтудың жеке картасына тиісті өзгерістерді енгізеді.

22. Мансап орталығы мемлекеттік қызмет көрсетудің сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсетуді мониторингілеудің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

23. Мансап орталығы жұмыс іздеп жүрген адамды тіркеген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 5-тарауына сәйкес оған лайықты жұмыс таңдауда жәрдем көрсетеді.

2-параграф. Жұмыс іздеп жүрген адамдарды "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы тіркеу тәртібі

24. Ізденуші электрондық цифрлық қолтаңбасы болған кезде "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеледі.

25. Ізденуші "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін жеке деректерін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінімді толтырады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы статус ізденушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

26. Ізденушінің деректері "Еңбек нарығы" АЦЖ-не автоматты түрде тұрғылықты жері немесе уақытша орналасқан жері бойынша мансап орталығына жіберіледі.

27. Мансап орталығының қызметкері осы Қағидалардың 7, 8, 9, 10, 11 және 12-тармақтарына сәйкес жұмыс іздеуші адамды тіркеуді жүргізеді.

Мансап орталығының қызметкері жеке басты куәландыратын құжаттың мәліметтерін "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың тиісті цифрлық жүйелерінен алады.

28. "Цифрлық үкімет" веб-порталында мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мансап орталығы директорының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат түрінде жіберіледі және сақталады.

3-параграф. Жұмыс іздеп жүрген адамдарды Электрондық еңбек биржасы арқылы тіркеу тәртібі

29. Ізденуші электрондық цифрлық қолтаңбасы болған кезде Электрондық еңбек биржасы арқылы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеледі.

30. Ізденуші Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетінде" өзінің тұрғылықты жеріне сәйкес мансап орталығын таңдайды.

31. Ізденуші енгізген жеке сәйкестендіру нөмірінің негізінде Электрондық еңбек биржасында ізденуші туралы дербес ақпарат алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салу қалыптастырылады

32. Ізденуші Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетінде" дербес деректерін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті алуға өтінімді толтырады.

33. Электрондық еңбек биржасында ізденушіні жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеу автоматты түрде жүзеге асырылады.

34. Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу туралы ақпарат ізденушінің тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына "Еңбек нарығы" АЦЖ-ға түседі. "Еңбек нарығы" АЦЖ-да жұмыс іздеп жүрген адамның жұмыспен қамтылуының жеке картасы автоматты түрде қалыптасады.

35. Электрондық еңбек биржасы жұмыс іздеп жүрген адамға жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелгені туралы хабарламаны Электрондық еңбек биржасындағы "жеке

кабинетіне", сондай-ақ ұялы байланыс абоненттік құрылғысына хабарлама беру арқылы жолдайды.

36. Электрондық еңбек биржасы жұмыс іздеп жүрген адам тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 5-бөлімінің 4-параграфына сәйкес бос жұмыс орындарын автоматты түрде тандайды.

37. Жұмыс іздеп жүрген адам Электрондық еңбек биржасы арқылы және мансап орталығынан алынған бос орындарына үн қатады.

Жұмыс іздеп жүрген адам мансап орталығын, ал ауылдық елді мекенде тұратындар кент, ауыл, ауылдық округ әкімін цифрлық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы ұсынылған лайықты жұмысқа келісу немесе одан бас тарту туралы хабарлайды.

3-тарау. Жұмыссыз адамдарды тіркеу тәртібі

38. Егер мансап орталығы осы Қағидалардың 23-тармағында көрсетілген кезең өткеннен кейін жұмыс іздеп жүрген адам үшін лайықты жұмыс таба алмаса немесе жұмыс іздеп жүрген адам ұсынылған жұмыстан бас тартса, онда "Еңбек нарығы" АЦЖ-да жұмыс іздеп жүрген адам автоматты түрде жұмыссыз ретінде тіркеледі.

"Еңбек нарығы" АЦЖ осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген негіздер бойынша жұмыс іздеп жүрген адамды жұмыссыз ретінде тіркеу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелерінен алынған ақпараттың дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады.

Жұмыс іздеп жүрген адамға Электрондық еңбек биржасы және (немесе) ұялы байланыс желісінің абоненттік құрылғысы арқылы жұмыссыз ретінде тіркелгені немесе бас тартқаны туралы хабарлама жіберіледі.

39. Мансап орталығының қызметкері сұрау салу бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы хабарлама не осы Қағидалардың 41-тармағында көзделген негіздер бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жұмыс іздеп жүрген адамды жұмыссыз ретінде тіркеуден бас тарту туралы хабарлама береді.

40. Мынадай:

- 1) он алты жасқа толмағандар;
- 2) жұмыспен қамтылған тұлғалар;
- 3) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1, 2 және 3-тармақтарында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған тұлғалар;
- 4) жұмысы мен табысының (кірісінің) жоқтығы туралы көрінеу жалған мәліметтер бар құжаттарды, сондай-ақ басқа де дұрыс емес мәліметтерді ұсынғандар;
- 5) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодекске сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға үміткер студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары;

6) сот шешімі бойынша түзеу жұмыстарына не қоғамдық жұмыстарына, сондай-ақ бас бостандығынан айыру түріндегі жаза шартты түрде тағайындалмаған жағдайда, осындай жазаға сотталған адамдар жұмыссыз ретінде тіркелмейді.

41. Мансап орталығының қызметкері тіркелген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жұмыссызды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылған жағдайда берілетін әлеуметтік төлемді тағайындау үшін қажетті құжаттардың тізбесі туралы хабардар етеді.

42. Халықты мансап орталығы мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

43. Еңбек мобильділігі орталығында тіркелген жұмыссыздар Әлеуметтік кодекске және осы Қағидаларға сәйкес келу тәртібін, шарттарын және мерзімдерін немесе мансап орталығының хабарламаларын сақтайды.

44. Жұмыссыз ретінде тіркелгендігі туралы ақпарат беру жұмыссыздың сұрауы бойынша Электрондық еңбек биржасы, "цифрлық үкімет" веб-порталы және (немесе) цифрлық объектілері арқылы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес электрондық құжат түріндегі электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде жүзеге асырылады.

Жұмыссыз ретінде тіркеу туралы ақпараттың қолданылу мерзімі оны берген күннен бастап күнтізбелік отыз күнді құрайды.

45. Еңбек мобильділігі орталығы "Еңбек нарығы" АЦЖ арқылы халықты мансап орталығынан тиісті ақпаратты алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жұмыссызды мынадай жағдайларда:

1) жұмыссыз үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар түскенде;

2) Мансап орталығы ұсынған лайықты жұмыстың үш нұсқасынан бас тартқанда немесе мансап орталығын, ал ауылдық елді мекендерде тұратын адам кент, ауыл, ауылдық округ әкімін лайықты жұмыстың ұсынылған нұсқаларымен келісетіні немесе олардан бас тартатыны туралы уақтылы хабарламағанда;

3) жұмыссыздың дәлелсіз себептермен:

мансап орталығы хабардар еткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған жұмысқа орналасу орнына немесе оқу орнына келмегенде;

шақыру бойынша халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу үшін үш жұмыс күні ішінде халықты мансап орталығына келмегенде;

жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуды өз бетінше тоқтатқанда;

4) жұмыссыз мансап орталығына барудың немесе оны хабардар етудің осы Қағидалардың 44-тармағында көзделген мерзімдерін дәлелсіз себептермен бұзғанда;

5) жұмыссыз бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен сотталғанда не заңды күшіне енген сот шешімі бойынша мәжбүрлеп емдеуге жіберілгенде;

6) мансап орталығына;

тұрғылықты жерін ауыстыруды;

тұрақты, уақытша жұмысқа, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмысқа орналасуды;

кәсіпкерлік қызметпен айналысуды;

ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан, ұйымға құрылтайшы (ортақ құрылтайшы) болуды;

мүгедектік тобын белгілеуді немесе оның өзгеруін;

зейнетақы төлемдерін тағайындауды қоса алғанда, жұмыссызбен алдағы уақытта жұмыс істеу тәртібіне ықпал ететін өзгерістер туралы мәліметтерді уақтылы, бес жұмыс күні ішінде ұсынбағанда;

7) көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар бергенде есептен шығарады.

46. Мансап орталығы жұмыссыз есептен шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны бұл туралы цифрлық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы, ал ауылдық жердің тұрғындарын кент, ауыл және ауылдық округтің әкімі арқылы хабарлайды.

47. Егер Электрондық еңбек биржасы немесе мансап орталығы осы Қағидалардың 36-тармағында көрсетілген кезең өткеннен кейін лайықты жұмыс таңдамаса немесе жұмыс іздеп жүрген адам ұсынылған жұмыстан бас тартса, онда жұмыс іздеп жүрген адам автоматты түрде жұмыссыз ретінде тіркеледі.

48. Электрондық еңбек биржасы осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген негіздер бойынша жұмыс іздеп жүрген адамды жұмыссыз ретінде тіркеу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелерінен алынған ақпараттың анықтығын тексеруді жүзеге асырады.

49. Жұмыссыз ретінде тіркелу туралы ақпарат ізденушінің тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына "Еңбек нарығы" АЦЖ-ға түседі.

50. Жұмыс іздеуші тұлғаға жұмыссыз ретінде тіркелгені немесе бас тартылғаны туралы хабарлама цифрлық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс желісінің абоненттік құрылғысы арқылы жіберіледі.

51. Егер жұмыссыз міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болса, ол Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетінде" Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алу үшін өтінімді толтырады және банктік шот нөмірін көрсетеді.

52. Жұмыссызды есептен шығару осы Қағидалардың 45-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

4-тарау. Еңбек мобильділігі орталығының және (немесе) оның лауазымды адамдарының, мансап орталығының және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

53. Еңбек мобильділігі орталығының және (немесе) оның лауазымды адамдарының, мансап орталығының және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Әкімшілік рәсімдік процессуалдық кодекстің 91-бабына сәйкес беріледі.

54. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік процессуалдық кодексінде белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

5-тарау. Еңбек делдалдығын жүзеге асыру тәртібі

1-параграф. Жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын әзірлеу

55. Жұмыс берушілерге лайықты маман таңдауға, ал жұмыс іздеп жүрген адамдарға, жұмыссыздарға және өзге де жүгінген адамдарға лайықты жұмыс таңдауда жәрдемдесу үшін еңбек делдалдығы жүзеге асырылады.

Еңбек делдалдығын жүзеге асыру мақсатында мансап орталығының қызметкері Еңбек мобильділігі орталығы жұмыс іздеп жүрген адамды жұмыссыз ретінде тіркеген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде "Еңбек нарығы" АЦЖ-да осы Қағидаларға 8-қосымшаға сай нысан бойынша жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын құрайды.

56. Жұмысқа орналастырудың жеке жоспары толтырылғаннан кейін жұмыссыз және жоспарды әзірлеген мансап орталығының қызметкері оған қол қояды. Жұмысқа орналастырудың жеке жоспарының бір данасы жұмыссызға беріледі.

57. Еңбек мобильділігі орталығында тіркелген жұмыссыз жұмысқа орналастырудың жеке жоспарында белгіленген іс-шараларды орындайды және мерзімдерді сақтайды.

58. Еңбек мобильділігі орталығында тіркелген жұмыссыз өзімен одан әрі жұмыс істеуге әсер ететін жағдайлар туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мансап орталығына мыналарға байланысты тиісті ақпаратты ұсынады:

- 1) тұрғылықты жерін ауыстыруды;
- 2) тұрақты, уақытша жұмысқа, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмысқа орналасуды;
- 3) кәсіпкерлік қызметпен айналысуды;
- 4) ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан, ұйымға құрылтайшы (ортақ құрылтайшы) болуды;
- 5) мүгедектік тобын белгілеуді немесе оның өзгеруін;
- 6) зейнетақы төлемдерін тағайындауды қоса алғанда, жұмыссызбен одан арғы жұмыс тәртібіне ықпал ететін өзгерістер туралы ақпаратты уақтылы, бес жұмыс күні ішінде мансап орталығына ұсынады.

Мансап орталығының қызметкері жұмыссыздың жұмысқа орналастырудың жеке жоспарының іс-шараларын орындауына мониторинг жүргізеді.

59. Мансап орталығыадамды жұмыссыз ретінде тіркегеннен кейін осы тараудың 3-параграфына сәйкес оған лайықты жұмыс таңдауда жәрдем көрсетеді немесе оны жұмысқа орналастырудың жеке жоспарына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына жібереді.

2-параграф. Жұмыс берушілер мансап орталығына ұсынған бос орындарды тіркеу тәртібі

60. Мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік сайланбалы қызметтердің, Парламент және мәслихаттар депутаттарының, Қазақстан Республикасы судьяларының, әскери қызметте тұрған адамдардың, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның ведомстволары, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жұмыскерлерінің бос лауазымдарын қоспағанда, жұмыс беруші мансап орталығына Электрондық еңбек биржасы арқылы бос жұмыс орындарының бар екені туралы ақпаратты еңбек жағдайлары және ақы төлеуді көрсетіп, олар пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді.

61. Жұмыс берушілер бос орындардың бар екені туралы мәліметтерді Электрондық еңбек биржасы арқылы жолдаған кезде осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "жеке кабинеті" арқылы орналастырады.

Жұмыс беруші Электрондық еңбек биржасында қалыптастырған бос орындар туралы мәліметтер автоматты түрде "Еңбек нарығы" АЦЖ-да орналастырылады.

3-параграф. Бос жұмыс орындарына кандидаттарды іріктеу және оларды жұмыс берушілерге жіберу

62. Жұмыс берушілер мансап орталығына Электрондық еңбек биржасы арқылы жіберген бос орындарды тіркегеннен кейін мансап орталығы бір жұмыс күні ішінде осы тараудың 2-параграфына сәйкес бос орындарға кандидаттар таңдауды жүргізеді.

Мансап орталығы бос орындарға кандидаттарды "Еңбек нарығы" АЦЖ-да мансап орталығы тіркеген жұмыс іздеп жүрген адамдар мен жұмыссыздар және Электрондық еңбек биржасында өз бетінше тіркелген адамдар арасынан таңдауды жүргізеді.

Мансап орталығы "Еңбек нарығы" АЦЖ-да тіркелген, жұмыс іздеп жүрген адамдар, жұмыссыздар және басқа да жүгінген адамдар үшін бос орындарды таңдауды қамтамасыз етеді.

63. Мансап орталығының қызметкері кандидаттың кәсібін (лауазымын), кәсіптік даярлық және біліктілік деңгейін, жұмыс тәжірибесі мен дағдыларын, жалақы деңгейін, жұмыс уақытының режимін ескере отырып, сондай-ақ жұмыс беруші бос орындарды тіркеу кезінде кандидаттар үшін белгілеген басқа да талаптар мен шарттарға сәйкес бос орындарға кандидаттарды іріктеуді жүргізеді.

64. Мансап ансап орталығының қызметкері бос жұмыс орны пайда болған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде лайықты жұмыстың бар екені туралы жұмыс іздеп жүрген адамға және (немесе) жұмыссызға және (немесе) өзге де жүгінген адамдарға:

- 1) ол мансап орталығына жеке келген кезде;
- 2) Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинет" арқылы;
- 3) ұялы байланыс желісінің абоненттік құрылғысы арқылы хабарлайды.

Егер жұмыс іздеп жүрген адам немесе жұмыссыз немесе өзге де жүгінген адам ауылдық жерде тұрса, мансап орталығының қызметкері лайықты жұмыстың бар екені туралы оларға ассистент арқылы хабарлайды.

65. Мансап орталығынан лайықты жұмыстың болуы туралы ұсыныстар алған кезде жұмыс іздеп жүрген адам бір жұмыс күні ішінде, жұмыссыз және өзге де жүгінген адам үш жұмыс күні ішінде жеке өзі немесе цифрлық технологиялар және (немесе) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы мансап орталығын ұсынылған лайықты жұмысқа келісетіні немесе одан бас тартатыны туралы хабардар етеді.

66. Кандидаттардың деректері (түйіндемелері) Электрондық еңбек биржасында жұмыс берушінің "Жеке кабинетінде" көрсетіледі. Мансап орталығының маманы цифрлық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы жұмыс берушіге оған жіберілген кандидаттардың деректері (түйіндемесі) туралы хабарлайды. Мансап орталығының маманы цифрлық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы жұмыс берушіге оған жіберілген кандидаттардың деректері (түйіндемесі) туралы хабарлайды.

Қажет болған жағдайда, мансап орталығының маманы жұмыс берушіге кандидаттардың деректерін (түйіндемесін) қарауды және өзінің шешімі туралы ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы хабарлауды ескертеді.

Мансап орталығының маманы жұмыс берушіні қызықтырған кандидаттармен әңгімелесу уақыты мен орнын жұмыс берушімен келіседі.

Мансап орталығының маманы ұялы байланыс желісінің абоненттік құрылғысы арқылы кандидаттарды жұмыс берушімен әңгімелесу өткізу уақыты мен орны туралы хабардар етеді.

Егер жұмыс іздеп жүрген адам, жұмыссыз немесе өзге де өтініш білдірген адам ауылдық жерде тұрса, мансап орталығының маманы оларды жұмыс берушімен әңгімелесу өткізілетін уақыт пен орын туралы ассистент арқылы хабардар етеді.

67. Еңбек мобильділігі орталығында тіркелген жұмыссыз мансап орталығы әңгімелесу уақыты мен орны туралы хабарлаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмысқа орналасу мәселесі бойынша жұмыс берушіге жүгінеді.

68. Жұмыс беруші Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинеті" арқылы кандидатты жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы белгілі қояды. Кандидаттың жұмысқа орналасуы немесе жұмысқа орналасудан бас тарту туралы ақпарат "Еңбек нарығы" АЦЖ-не түседі.

"Еңбек нарығы" АҚЖ арқылы бес жұмыс күні ішінде жұмысқа қабылдау туралы ақпараттың болмауы ұсынылған кандидатты жұмысқа орналастырудан бас тарту болып есептеледі.

69. Жұмыс беруші кандидатты жұмысқа орналастырғанын растаған жағдайда тиісті бос орын Электрондық еңбек биржасынан және "Еңбек нарығы" АҚЖ-дан автоматты түрде жойылады.

70. Мансап орталығы Электрондық еңбек биржасы арқылы ізденушілер үшін резюмесін өз бетінше орналастыру және бос орындарды іздеу және жұмыс берушілер үшін өз бетінше персонал іздеу мүмкіндігі берілетін, сондай-ақ Электрондық еңбек биржасын пайдалану мәселелері бойынша халыққа консультация жүзеге асырылатын өзі-өзіне қызмет көрсету аймағының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

4-параграф. Электрондық еңбек биржасы арқылы еңбек делдалдығын жүзеге асыру тәртібі

71. Бос орындары туралы ақпарат жұмыс іздеп жүрген адамның немесе жұмыссыздың Электрондық еңбек биржасыдағы "жеке кабинетіне" түседі.

72. Электрондық еңбек биржасы жұмыс іздеп жүрген адамға немесе жұмыссызға цифрлық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы жұмыс берушінің әңгімелесуді белгілегені туралы хабарлама жібереді.

73. Жұмыс іздеп жүрген адамдар немесе жұмыссыздар Электрондық еңбек биржасында "жеке кабинет" арқылы әңгімелесуден бас тартуына болады.

74. Жұмыс берушілер жұмыс іздеп жүрген адамды немесе жұмыссызды жұмысқа қабылдаған жағдайда Электрондық еңбек биржасыдағы "жеке кабинет" арқылы жұмысқа қабылдау туралы белгі қояды.

Жұмыс іздеуші адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына

1-қосымша

"Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мансап орталығы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) "цифрлық үкімет" веб-порталы: www.egov.kz ; 3) Электрондық еңбек биржасы: www.enbek.kz .

5	Мемлекеттік қызметті көрсетілетін және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	1 (бір) жұмыс күні
6	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған)/қағаз түрінде
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелгені туралы хабарлама не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) "цифрлық үкімет" веб-порталында – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 3) Электрондық еңбек биржасында – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты

		аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1. Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге: 1) тізбеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін); 3) еңбек қызметін растайтын құжат (бар болса); 4) білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат (бар болса). Жеке басты куәландырылған және "Еңбек нарығы" АЦЖ-ға деректерді енгізгеннен кейін құжаттар көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. 2. "Цифрлық үкімет" веб-порталы немесе Электрондық еңбек биржасы мемлекеттік цифрлық порталы арқылы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы "Жұмыспен қамтудың жеке картасын және оны толтыру нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 365 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33380 болып тіркелді) 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық

		құжат нысанында жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін мәліметтер нысанын толтырады. Жеке басты куәландыратын құжаттың, еңбек қызметін растайтын құжаттың, білім туралы құжаттың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың тиісті цифрлық жүйелерінен алады. "Цифрлық үкімет" веб-порталында мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алған күнін көрсете отырып, өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.
11	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі	1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтердің осы Талаптар тізбесінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде; 2) "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталында орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары www.gov.kz интернет-ресурста көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: "1414". Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік

	парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизациядан өту, содан кейін "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада уәкілетті пайдаланушылар үшін қолжетімді.
--	---

"Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбелеріне
1-қосымша
Нысан

_____ мансап орталығы
кімнен

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) : _____;
Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____;

Өтініш

Мені жұмыс іздеуші ретінде тіркеуді сұраймын, сонымен қатар:

Электрондық еңбек биржасында (www.enbek.kz) түйіндеме орналастыру	Ия ☐ Жоқ ☐ (белгі қою)
Халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтерді аутсорсинг арқылы жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді аутсорсинг шеңберінде жеке жұмыспен қамту агенттіктеріне дербес деректерді беру	Ия ☐ Жоқ ☐ (белгі қою)

"Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Жалған мәліметтер мен жалған құжаттарды ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

Телефон: _____ Ұялы телефон: _____ E-mail: _____;

"__" _____ 20__ жыл.

(күні)

Өтініш берушінің қолы: _____

(кесу сызығы)

Азаматтың(шаның) өтініші _____ қабылданды
 " ____ " _____ 20____ жылы № _____ тіркелді, құжаттарды қабылдаған адамның тегі,
 аты,
 әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы және қолы:

_____ Күні қолы

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
 жұмыссыздарды тіркеу және
 мансап орталықтары көрсететін
 еңбек делдалдығын жүзеге
 асыру Қағидаларына
 2-қосымша

"Жұмыссыздарды тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – тізбе)

1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Жұмыссыздарды тіркеу
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Еңбек мобильділігі орталығы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	"Еңбек нарығы" АЦЖ арқылы
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	1 (бір) жұмыс күні
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (толық цифрландырылған)
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы хабарлама не осы талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
		1) көрсетілетін қызметті берушіде - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс

9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс графигі	және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) мансап орталығында – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 3) "цифрлық үкімет" веб-порталында – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 4) Электрондық еңбек биржасында – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Құжаттарды ұсыну талап етілмейді
		Мыналар: 1) он алты жасқа толмаған адамдар; 2) жұмыспен қамтылған адамдар;

11	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі	3) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-3-тармақтарында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған адамдар; 4) жұмысы мен табысының (кірісінің) жоқ екендігі туралы көрінеу жалған мәліметтерді қамтитын құжаттарды, сондай-ақ басқа да анық емес мәліметтерді ұсынған адамдар; 5) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодекске сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға үміткер студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары; 6) сот шешімі бойынша түзеу жұмыстарына не мәжбүрлеу жұмыстарына, сондай-ақ бас бостандығынан айыру түріндегі жаза шартты түрде тағайындалмаған жағдайда, осындай жазаға сотталған адамдар жұмыссыз адам ретінде тіркелмейді.
12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде; 2) "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталында орналастырылған. Бірыңғай байланыс орталығы: "1414". Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары интернет-ресурста көрсетілген www.gov.kz. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизациядан өту, содан кейін "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.

	Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада уәкілетті пайдаланушылар үшін қолжетімді.
--	---

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
3-қосымша
Нысан

**Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеуден
бас тарту туралы хабарлама**

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 14) тармақшасына сәйкес

көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы

Сізге _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

себебі бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

_____.

себебін көрсету

Берілген күні: 20__ жылғы "___" _____.

Мансап орталығының маманы _____

_____.

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Жұмыс іздеуші ретінде тіркелгені туралы хабарлама

Сіз _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 98-бабына сәйкес

20__ жылғы "___" _____ бастап _____

Мансап орталығының атауы

жұмыс іздеуші ретінде тіркелдіңіз.

Берілген күні: 20__ жылғы "___" _____.

Мансап орталығының маманы _____.

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы хабарлама

Сіз _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 99-бабына сәйкес 20__ жылғы
"__" _____ бастап

Еңбек мобильділігі орталығының атауы
жұмыссыз ретінде тіркелдіңіз.

Берілген күні: 20__ жылғы "___" _____.

Мансап орталығының маманы _____.

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Жұмыссыз ретінде тіркеуден бас тарту туралы хабарлама

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 14) тармақшасына сәйкес

көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы

Сізге _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

себебін көрсету

себебі бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

Берілген күні: 20__ жылғы "___" _____.

Мансап орталығының маманы _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Жұмыссыз ретінде тіркеу/не тіркелмегені туралы ақпарат

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 98-бабына сәйкес
жұмыссыз ретінде тіркелгені/тіркелмегені туралы осы анықтама

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

20__ жылғы "___" _____ бастап

Еңбек мобильділігі орталығының атауы берілді.

Берілген күні: 20__ жылғы "___" _____.

Анықтаманың қолданылу мерзімі: 20__ жылғы "___" _____ қоса алғанға дейін жарамды.

Мансап орталығының маманы _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
8-қосымша
Нысан

қаланың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның мансап
орталығының атауы _____

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЖЕКЕ ЖОСПАРЫ

1. ЖҰМЫСсыз туралы ақпарат

Жұмыссыз _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) толық

Жұмыссыз ретінде тіркеу күні _____

Мақсаты _____

Білімі _____

Мамандығы (кәсібі) _____

2. ІС-ӘРЕКЕТ ЖОСПАРЫ

Іс-шара	Аяқталу күні
Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу 1) кәсіп таңдау және жұмыс орны бойынша консультация беру, кәсіптік бағдарлау тестісінен өту ; 2) еңбек нарығының ахуалы, мамандығы бойынша жұмысқа орналасу немесе оқудан өту мүмкіндігі туралы хабардар ету. Еңбек делдалдығы жөніндегі іс-шаралар 1) мансап орталығының дереккорда бос жұмыс орындарының (бос орындардың) болуы туралы хабардар етуі; 2) ізденушінің Электрондық еңбек биржасы арқылы жұмыс іздестіруі; 3) ізденушінің жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері және жұмысқа орналастыру бойынша интернет-алаңдар арқылы жұмыс іздестіруі; 4) жұмыс берушілермен әңгімелесуге бару. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары 1) кәсіптік оқытуға қатысу (даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру); 2) әлеуметтік жұмыс орындарындағы жұмыс; 3) жастар практикасынан өту; 4) кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу; 5) қоғамдық жұмыстарға қатысу. Жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету 1) жұмыссыздарға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылу жағдайына берілетін әлеуметтік төлемдер; 2) атаулы әлеуметтік көмек көрсету. Жұмыс іздестіру дағдыларын жақсарту жөніндегі іс-шаралар 1) белсенді жұмыс іздестіру, жұмыс берушімен әңгімелесуден өту және т.б. негіздеріне оқыту курстарына бару	

3. МАНСАП ОРТАЛЫҒЫМЕН ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТ ГРАФИГІ

1.	[Күні]	[Іс-әрекет]
2.	[Күні]	[Іс-әрекет]
...	[Күні]	[Іс-әрекет]

Жұмысқа орналастырудың жеке жоспары 20__ жылғы " __ " _____ дейін қолданылады.

Мансап орталығының маманы

_____	_____
-------	-------

(жұмыссыз адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))	(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))
_____	_____
(қолы)	(қолы)
Мобильді телефон:	Байланыс телефоны:
Электрондық пошта (бар болса):	Электрондық пошта:
20__ жылғы "___" _____	20__ жылғы "___" _____

Жұмыс іздеп жүрген адамдарды,
жұмыссыздарды тіркеу және
мансап орталықтары көрсететін
еңбек делдалдығын жүзеге
асыру Қағидаларына
9-қосымша
Нысан

Бос жұмыс орны туралы мәліметтер

Жұмыс туралы ақпарат

Кәсіпорын * _____

(кәсіпорынның атауы)

Кәсіби сала (қажетті таңдау): _____

(анықтамалықтан таңдалады-мысалы, қауіпсіздік және төтенше жағдай,

Мемлекеттік қызмет, IT және телекоммуникация және т. б.)

Лауазымның атауы (қажеттісін таңдау):*

(үлттық сабақ классификаторының анықтамалығынан таңдалады)

Лауазымын нақтылау _____

Қала немесе аудан (қажетті таңдау):* _____

(анықтамалықтан таңдалады - мысалы, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы және т. б.)

Елді мекен (қажеттісін таңдау):* _____

(анықтамалықтан таңдалады-мысалы, Ақкөл қаласы және т. б.)

Мекен-жайы _____

Жұмыс режимі (қажетті таңдау):* _____

(анықтамалықтан таңдалады - мысалы, бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасы, ауысымдық жұмыс режимі, толық емес жұмыс уақыты, еңбек заңнамасында көзделген жұмыс уақытының өзге де режимдері)

Жұмыс сипаты (қажетті таңдау):* _____

(анықтамалықтан таңдалады - мысалы, жұмыстың вахталық сипаты, жүріп-тұру сипаты бар

жұмысы, қашықтан жұмыс істеу, жолда өтетін жұмыс, еңбек функциясын орындауды ұйымдастыруға байланысты жұмыс сипатының өзге де түрлері)

Жұмыс түрі:* _____

(анықтамалықтан таңдалады - мысалы, уақытша, тұрақты, маусымдық және т. б.)

Еңбек жағдайлары (қажеттісін таңдау):* _____
(анықтамалықтан таңдалады - мысалы, қалыпты, ауыр жұмыстар, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары және т. б.)

Еңбекақы төлеу * бастап _____ дейін _____

Бос орындардың жалпы саны:* _____

Оның ішінде жастар үшін _____

Оның ішінде мүгедектігі бар адамдар үшін _____

Олардың ішінде пробация қызметінің есебінде тұрғандар үшін _____

Оның ішінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін _____

Оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз жастар үшін (кәмелетке толғанға дейін) _____

Оның ішінде шетелдік қызметкерлер _____

Қосымша шарттар, әлеуметтік қолдау _____

Өтініш берушіге қойылатын талаптар

Мамандық бойынша жұмыс өтілі (қажеттісін таңдау):* _____

(анықтамалықтан таңдалады-мысалы, тәжірибе қажет емес, 1 жыл, 2 жыл және т. б.)

Кәсіби дағдылар _____

(дағдылар анықтамалығынан таңдалады-мысалы, тоқылған бұйымдарды өндіру технологияларын талдау, тоқылған бұйымдарды жобалау және т. б.)

Жеке қасиеттер* _____

(дағдылар анықтамалығынан таңдалады – мысалы, көшбасшылық, логикалық ойлау, дәлдік және т. б.)

Білім деңгейі (қажеттісін таңдау):* (анықтамалықтан таңдалады – мысалы, техникалық және

кәсіби, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және т. б.)

Лауазымдық міндеттері _____

Жүргізуші куәлігі (Санаттар) (қажеттісін таңдау):

(анықтамалықтан таңдалады-мысалы, "А", "В", "С" және т. б.)

Тілдерді меңгеру _____

Басқалары

Электрондық еңбек биржасында жариялау мерзімі (қажеттісін таңдау):*

(анықтамалықтан таңдалады-мысалы, 1 апта, 1 ай және т. б.) _____

* міндетті түрде толтырылады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК